

доставить весть какому-то воину. А.Раджабов и Я.Мамедов с целью привести ясность толкованиям в связи с данным текстом писали: «Я не намерен вести дискуссию о значениях знаков, текстов. Странно, что оба исследователя некоторые знаки, например, ясно читаемую букву в четвертой строке не читают. Искусственность читаемости некоторых фраз и их перевод отчетливо заметна. Например, что значит «свои домашние товарищи»? Разве бывает «домашний товарищ»? Если слово «дом» понимается как «внутренний», то тюрки использовали слово *іç* (внутренний). Или же рассмотрим другое выражение: переваливая через внутреннее ущелье. Начнем с того, что такое «внутреннее ущелье»? Разве бывает внешнее ущелье? Во-вторых, перевалить можно гору, а не ущелье. «Перевалить ущелье» ошибочное сочетание. Исследователи не правильно показали значения слов, которые они прочитали правильно и только буквально их перевели. Например, слово *эб* понятно, оно означает «дом». Слово *эшиг* автор дает как форму винительного падежа слова *эш* – друг, товарищ. Как и слово *эб*, слово *эшик* употребляется в именительном падеже, и носит значение «что-то находящийся вне дома, но в тоже время являющийся частью дома». Сочетание *э-эшик* употребляется и в современном азербайджанском языке.

Как было отмечено, С.Я.Малов “Талас çubuğu” (таласский прут) объясняет как жезл,

указывающий дорогу, а Г.Н.Эркин считал его вестью, отправленную воину. На мой взгляд, “Талас çubuğu” (таласский прут) являлся обычным изображением быта (1, с.339). Автор затем первую строку переводит как «Взял я Аг апаш Убаш, построил дом, и теперь открывая сосуды...». Конечный подход к тексту приближает нас к поставленной задаче еще ближе. Если мы будем считать, что “Талас çubuğu” (таласский прут) был предназначен для домашнего использования, то можем выдвинуть такую версию, что рунические знаки носили сакральный характер. Данный прут выполнял функцию защитника дома. Если толковать выражения «каменная вершина жертвоприношения» или «дорога, проходящая через вершину горы» в мифологическом контексте, то можно сделать вывод о том, что этот текст был посвящен какому-то обряду. Магический характер данного текста доказывает и внутрискочная аллитерация.

Учитывая эти факторы, можно утверждать, что “Талас çubuğu”, являясь защитником дома, был своего рода волшебным предметом.

1. Раçабов Ә., Мәмәдөв Y. Orxon-Yenisey abidäläri. Bakı, Yazıçı, 1993, 396 s.

2. Talat Tekin. Orhon yazıtları. Ankara, Türk Hava Kutumu Basım Evi İşletmeçiligi, ikinci baskı, 2006, 200 s.

3. Беовульф. Старшая Эдда. Песнь о Нибелунгах. М.: Художественная литература, 1975, 750 с.

4. Младшая Эдда. Л.: Наука. 1970, 139 с.

5. Стеблин-Каменский М.И. Древне-скандинавская литература. М.: Высшая школа, 1979, 196 с.

А. А. Мәуленов

АВЕСТАДАҒЫ АРҒЫ ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕРЕҢ ТАМЫРЛАРЫ

Халқымыз өз басынан кешкен түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі ұлтымызды түбі бір рухани-мәдени мұраларымыздан аластатып, ежелгі наным-сенімдеріміз бен әдет-ғұрыптарымызға өзіндік өзгерістер енгізді. Бұл мәселеде кешегі Ресей империясы жүргізген отаршылдық саясатта ұлтымыздың төл атын өзіне қимай «киргиз», «бұратана халық» деп келгенін айтсақ та жетілікті. «Тарихта жануарлардың үйірі деп есептеуге болатындай халық жоқ, сондай-ақ таңдауылар тобыры деп атауға лайықты халық жоқ», - деген орыс ойшылы Герценнің сөзі қарауындағы

аз ұлттарға зәбір-жапа шектірген патша отаршылдығының шынайы бетпердесін көрсетеді. Міне, осындай имериялық кеудемсоқтықтың салдарынан зардап шегіп, ғұрып-салттарынан алыстап, тілі мен дініне селкеулік түсіп, бабалар аманаты жолындағы күресте амалы таусылған халқымыз тәуелсіздіктің ақ таңында өткенін түгендеуге кірісті. Соның жарқын мысалы адамзатты асқаралы биіктерге беттеткен жүз ғажайып кітаптың бірі саналатын «Авеста» өзінің бүгінгі тікелей мұрагері саналатын қазақ ғалымдары тарапынан да зерделене бастады. Бүкіл адамзаттың интеллектуалды дамуын

ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан кейінгі дейтін іліми үш эволюциялық сатыға бөлшектейтін болсақ, осылардың бәрінің бастау көзінде арғытектілікті танытатын мифология тұрады. Біз осы мифтік ортақтастық және сабақтастық негізінде әлемді мойындатқан ұлық кітаптың қазаққа қатысты тұстарына ой жүгіртетін боламыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: “Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, оның арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен жалғасып жатыр. Осынау қанатын кең жайып, жанарын алысқа салатын қазақ рухы әзірше өз деңгейінде паракталмай келеді... Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар... «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады” [1;24,77-6] - деп байыптауы әдебиет тарихын зерттеушілерге, біздерге, ой салуға тиіс. Елбасымыздың саликалы ойының астарында қазақ ғылымы мен елінің келешекте өз құбыласын толық түгендеп, әлем халқының алдында жоғары биіктерден көрінуге толық құқығы бар екендігіне алашының көзін жеткізудің асыл идеясы жатыр.

Табиғат құбылыстары ішіндегі ертедегі адамдардың ерекше қасиет тұтып табынатын нысандарының бірі – от. Ежелгі адамдар табиғат тылсымын танып білу жолында көптеген азапты бастан кешіп, өмірлік мол тәжірбие жинақтауларының арқасында оның қыры мен сырын бірте-бірте игере бастады. Бір кезде табиғи апаттан туындаған өрттен қатты қорыққан адамдар енді оны өз игіліктеріне бағындыра білді. От адамдар үшін бәрін жалмаушы бұла күш ретінде танылса, екінші жағынан жыртқыштардан қорғайтын қастерлі құрал ретінде ұғынылып, олар оған шексіз құрмет көрсете бастады. Кейін тап осы оттың қуатымен темір қорытып, темірден түрлі қару-жарақтар жасап алу, бабаларымыздың отқа деген құрметін бұрынғыдан да бетер күшейтті. Міне, осындай сенімдер мен сезімдер негізінде алғашқы түркілер отты құдіретті күш, киелі құбылыс санап, оны пәле-жаладан сақтайтын, аластайтын қасиеті бар деп есептеп табына бастады. Адамзат тарихында отты киелі санамайтын оған табынбаған халық кемде-кем. Осы дәстүр барлық халықтың әдет-ғұрыпында сақталып қалғандығын байқай аламыз.

Белгілі бір халықтың ата салтында болған дәстүр ешқашан із-түзсіз жоғалып кетпейді. Ол

не ғұрыптық жорада, не әдеби туындыда, не тілдік қолданыста өзінің бар екендігін ұрпағына танытып отырады. Осының негізінде ғылыми ортада осы күнге дейін тоңы жібимей жатқан отқа табынуды парсылар таратты деген солқылдақ тұжырымды жоққа шығара отырып, қазақ халқының дәстүріндегі бүгінге дейін сақталынып келген отқа табыну нышандарының барлығын алға тартып, ұлтымыздың этникалық негізін құраған көптеген ру-тайпалардың зороастризм марапасы (культі) ықпал етпей тұрып, отқа табынғандығын археологиялық қазба деректері, жазба мәдени ескерткіштеріміз, тілдік факторларымыз бен дәстүрлік жоралғыларымыз дәлелдей түседі. Мысалы осы турасында тілші ғалым Қайрат Ғабитханұлы: «Тіпті, парсылардікі деп жүрген зороастризмнің өзі де қазақ халқының этникалық бір тегі болып саналатын ертедегі сактар жұртында пайда болғандығын кейбір ғалымдар дәлелдейді»[2,63]деген ой айтады. Бұл арада біз мына бір нәрсені ескеруге тиіспіз: бабаларымыздың бірпарасының ұғынуынша от денені жамандықтан тазартады және өлген адамдарды зұлым рухтардан қорғайды деген діни ұғым-түсінік орын алғандығын қола дәуірге жататын археологиялық қазбалардан өртенген мүрделердің жанына оттың бейнесін символдайтын қызыл жоса себілгенін немесе ол салынатын жерлеу рәсімінің болғандығын білеміз. Бұл жөнінде белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Аналық дәуірдің аяғында, б.э.д. VII ғасырда Хорезм жерінде зороастризм культі туады. Зороастризм Кавказ, Таяу Шығысқа тез тарайды. Әсілі, зороастризм орталығы Бұқар болса керек. Өйткені онда жер астынан шығатын газдар көбірек болған. Осыдан сак елдерінде отқа табыну, оны қастерлеу салты туады. Толстовтың археологиялық зерттеулеріне қарағанда, Хорезм жерінде, Согдианада «Әтешханалар» Сияуыш, Маздақ, Мухана кезінен бастап туған. Топырақ қала, жамбас қаладан оты қысы-жазы, күні-түні үзбей жағылатын «алауханалар» тарихын Толстов келтірген. Онда тек еректер ғана бас қосқан. Бұл салттың қалдықтары қазақта келін түскен кезде отқа май құю шілдеханалары сақталған. Қырғыздардың ертеде май жағатын тас шамдары болған. Шам өзі өшпей оны сөндірмеген. Зороастризм дінінің тарихы тұсында Сияуыш аңызы айырықша мәнді, өйткені тәжіктер оны бірде жыл басы Наурыз, бірде өсімдіктің өліп-тірілуі түрінде, бірде от тәңірі түрінде түсінеді. Сияуыш Хорезмде өскен. Иран патшасынан қашып, Афрасиябтың қызын алады. Ол – Шығыс аңыздарында зороастризмнің атасы. Сияуыштың жұртын

Хорезм сақтары деп табу «Шахнаманың» өзінде бар...Күшан – ақиқат сақ. Оның немересі Жамшид шығыста бірінші қала салған адам. Хорезм жеріндегі Има тауына келіп орналасады. Осы ретпен Хорезмде жаңа Иран Арияем-Веджу пайда болыпты»[3,24-26],-дей келе, Судабаның көңілін табу үшін Сияуыштың қара қасқа ат мініп, өз адалдығын дәлелдеу үшін от дариясынан өткенін, осының негізінде зороастризм культі туды деген ой айтады.

Ә.Қоңыратбаевтың осы пікірін одан әрі тереңдетіп, оның нақты қай жерде болғандығын орыс тілді қазақ зерттеушісі Қанат Серікпаев: «Равина Простора Ариев (Аринам Вайджа) находилась между двумя реками Ардави (Аму-Дарья) и Датъи (Сыр-Дарья), далее у моря варкуаша (Каспийское море), близ которого жили арии, туры и хьюоны. Арии так же обитали у озера Чайчаста (Аральское море) и Хукаръе – горный стране Памиро-Алтая и Тянь-Шаня»[4,7], - деп нақты қай аралықты қамтығанын алға тартады. Және Арий халқын үнді-еуропалық емес, сақтармен туыстас жұрт екенін жокқа шығармайды.

Тек біздің отандық зерттеушілер ғана емес, қытай ғалымдары да: «Бүгінгі қазақ халқының этникалық құрамында сақтардан қалған нәсілдік тек бар...Сақтар да парсылар секілді мәңгілік отпен қасиетті суға табынған. Хорезмдегі байырғы жұрттан от күмбезінің орны – алауханалар табылған...от күмбезінің ішіндегі қасиетті отқа тәу еткен» [5,121-122] және үйсіндер мен қаңлылар да қасиетті отқа табынған[5,187],-деген ой айтады. Сондай-ақ 568 жылы Шығыс түрік қағанатының қағаны Істеми бабамыз өзіне келген Рим империясының патшасы Емпергор Justin-нің елшісі Zemarchus-ты әуелі екі оттың ортасынан өткізіп барып қабылдағаны қытай жазбаларында кеңінен сөз етіледі[6]. Тіліміздегі мифологиялық сөз қолданыстарын індетіп зерттеген тілші ғалым Қайрат Ғабитханұлы сақтардан бастау алған отқа табыну, отпен аластау, оны киелі деп санау дәстүрі көк түркілерде болғандығын өзінің мақаласында былай деп береді: “Жоунамада”: «Түріктер жерлеу күнін белгілеп алғаннан кейін, қайтыс болған адамның мінген атын және тірі кезінде пайдаланған басқа да бұйымдарын өлікпен бірге өртеп, оның күлін қоса көмеді. Бұндай дерек «Сүйнамада» да ұшырасады» [7]. Көк түркілердің тікелей ұрпағы саналатын қазақтардың арасында да осы дәстүрдің сілемдерінің сақталғандығын Ш.Уәлиханов: «Қазақтар жан беру, серт беру үшін екі жерден от жағып, кінасы бар адам сол екі оттың арасынан өтеді...Сонымен бірге олар

отқа табынып, оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан» деп жазып көрсетеді. Одан әрі ғалым өз дәуіріндегі қазақ арасындағы отпен емдеу туралы: «Қазақтар көптеген аурулар оттың киесінен болады деп түсініп, өз ауруларын отпен емейді»[8,157-177]деген ой айтады. Осы орайда қазақ ұғым-түсініктерінің «Авестамен» сабақтастығын А. Қыраубайқызы: «кінәлі адамды анықтау үшін екі оттың арасынан өткізген»[9] деп атап көрсетеді. Сонымен бірге аталған ғалым осы мәдени жәдігердегі Қорқыт, Оғыз қаған аңыздарының арасындағы ұқсастықтарды саралап береді.

Қорқыттың өліммен күресінде ескіден қалған архетиптік сілем өмір мен өлім арасындағы Зороастризмдік принциптің ұшқыны бар екендігін дәлелдейді.

Қорқыт Ата кітабында әйелдің төрт сипаты: «Бірі – кепкен ағаш секілді, бірі – үрген қарын секілді, енді бірі – үйдің үйдің тіреуі, төртіншісі – қанша айтсаң да баяғысындай мелшиген қырсық әйел»[10,14]-деп берілсе, ал Авестаның «Висперед» деп аталатын үшінші кітабының 4-бөлігі әйелдің қасиетін сипаттайды. Осының қазақ әдебиетіндегі үлгісі ақын-жыраулар шығармашылығындағы жақсы әйел мен жаман әйел арасындағы дилема. Осы дәстүрдің ұшырасуының өзі осы Авеста мен Қорқыт аңыздарынан бастау алатыны дәлелдеуді керек етпейтін аксиома. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін Шернияз ақынның Баймағамбет сұлтанның қыздары мен әйеліне айтқан мына жолдарын:

Байеке, сіздің қызда жаман бар ма,
Жамандар біз байғұста заман бар ма?
Шот желке, шолақ айдар күң дер едім,
Бармайды ауыз шіркін жамандауға.
Қызыңның бес тиындық біреуі жок.
Қылған соң құдай ханша амал бар ма?-

деген сарындамылық сабақтастық Қорқыт үрдісінің дала философиясына қалай дендеп енгенін танытады.Дәдәм Қорқытта кепкен ағаш секілді, үрген қарын секілді, қанша айтсаң да баяғысындай мелшиген қырсық әйелдің түркі тіршілігінде ұшырасуына куә боламыз. Осы алған жардың жақсы болуы деген Қорқыт өсиеті кейінгі қазақ әдебиетінде дәміл-дәміл көрініс тауып отырды. Шернияздың жырындағы ұшырасулар соның бір жаңғырығы іспеттес.

Тағы бір үндестік зороастризм дінін мойындамай көп құдайға табынуын қоймаған бір кездегі «Даэво» деген тайпа атының әуелі жағымсыз атау ретінде қолданылып, кейін «Дию» деген мифологиялық кейіпкерге айналу процесі бізді ғана қамтымай ата-бабаларымыз араласқұралыстықта болған латынға – «дивус», фран-

пуздарға – «адию», орыстарға – «дьявол» түрінде енуі Заратуштра ілімінің ежелгі дәуірде қандай күдіретті болғандығын танытады.

Қазақ мифологиясында, қисса-дастандарында осы кейіпкер зорлықшы күш ретінде танылады:

Дұшпан дию екенін білдім тамам,
Ойбайлап зарлық қылып болдым жаман.

Қорқып жылап талықсып жатқанымда,
Сол дұшпан тұрып көңіл айтты маған
(Сейфүлмәлік)

Бұдан шығатыны, біздің төл мифологиямыз Авестаның заңды мұрагері ретіндегі әлем мифологиясымен байланыстағы бай дүние.

А. Қыраубайқызы архетиптік мифтеме, сарынша арқылы алғашқы адам Йима мен «Оғыз қағандағы» өгіз тотемі арасындағы ұқсастықты ашып көрсетеді.

Зороастризмнің құлдырауы мен осы діндегі өліктің жерленуіне қатысты ең тұщымды ойды М. Барманқұлов айтады. Араб жаулап алушылары жөйіттер мен христиандарға «Кітап иегерлері» деп тізе батырмаса, ал зороастризмді ұстанушылар жөнінде басқаша ойда болған. «Заратуштра шын мәнінде б.з.д. VII-VI ғасырларда Бактрияда, яғни Орталық (Орта) Азияда ғұмыр кешкен. Бұл ой б.з.д. V ғ. соңы мен IV ғ. басында өмір сүрген грек авторы Ктесияның еңбектерінде көрініс тапқан.

«Авеста» мен «Гаттардың» өзінде бой көрсететін атаулардан-ақ, оның Орталық (Орта) Азияның бір аймағында, дәлірек айтсақ, Хорезмде жазылғандығын байымдаймыз.

Осы елдердің толық тізімі «Видевдатаның» бірінші бөлімінде беріліп, «Гава – соғдылар мекені», «Әлеуетті де, имани Модра (Мерв аймағы)», «Ғажайып, туын көкке жалаулатқан Бадхи (Бактрия)» деп айшықталады.

Зороастралықтардың әдеттен тыс өмір-салты, рустарға ұқсас болып келеді. Ол – өлікті өртеу. Осы күнге дейін Үндістандағы парсылар қолданатын зороастралықтарға тән өлікті жерлеу жоралғысы ерек ғұрып. Өлген адамның денесі арнайы ғимарат *дахмеге* құстардың жемтігі үшін қойылады. Құстар өлікті етінен арылтқан соң, сүйек арнайы құмыра оссуарияға салынады. Өртелгеннен кейін оның күлі сонда сақталады. Бұндай оссуариялар қазіргі Қазақстанның Оңтүстігінен Қарқаралы аймағына дейін аралықта ұшырасады» [11,42]. Одан ары зерттеуші осы кітаптың «Зороастризм және түркілер» деген бөлімшесінде өзге халықтар парсылар мен арабтарда орын алған және орын алып отырған инцесті (қандастық некені) қазақи менталитет турасында пайымдайды. Осының өзі

бұл діннің бізден парсыларға барғандығына негіз болатын алғашқы деректемені қолымызға ұстатады. Осы арада егер сол зороастризмді тұтынған бабаларымыз одан неге ірге ажыратты деген заңды сұрақ туындайды. Осы мәселеге зороастризмнің неге бізге жат болғанына жауап іздеп көрелік. Оған жауапты өзіндік тың бағыттағы ғылыми ізденістерімен келген С.Оспановтан табамыз. Ғалым кейбіреулер құптай қоймайтын, бірақ гуманитарлық ғылымдарда әзірге місе тұтуға мәжбүр болатын мынандай ойды алға тартады. «Аталған иманшарттық құндылықтарды Құдай атынан қайта көтеру, оны бұ дүниеде бұзғаны үшін әркімнің жанының о дүниеде жазаға тартылатыны сияқты идеялар қатардағы халық үшін аса бағалы мәселе еді. Өз ру-тайпаларындағы билігін нығайтпақ болған жергілікті тәңіршіл діндар-саясаткер-бақсы-басшылар, жаңа діни ілімі халық арасында қолдау тапқан Жаратуштраны тікелей құртып жіберуге батпай әртүрлі қыспақтарға алып, ақыры оны Тұраннан қазіргі Иран жеріне кетуге мәжбүр еткен. Бәрібір, оның ілімінің құндылықтары сақтар арасында тарап нығая бергендігінен өшіккен тәңіршілдердің Ірібақсы-Тұр(андық) (Рбахшы-Тур) атанған жанкештісі 77 жастағы Жаратуштраның соңынан ұрланып барып (қазіргі тілмен айтсақ террорлық әдіспен) дұға оқып отырған пайғамбарды, “көк бөріше жасырын келіп” сыртынан қанжар салып өлтірген» [12,3-4б.].

Міне, осындай Жаратуштраға және оның іліміне өз қандастарының билеуші топтары жасаған көрнеу қысастық текке кеткен жоқ, діни негізі босаң сақтар империясы ыдырап тынды. Бірақ Жаратуштра сепкен діни ұрықтың кейбір сарқыншақтары сақтар арасында сақталынып қалды. Бір белгілі нәрсе діни негізі босаң Иран Жаратуштра ілімі арқасында бізді рухани жағынан жеңіп тынды. Бүкіл мұра солардың иелігінде кетті. Солай десек те, тәңірлікпен терең тамырласқан ілкі сенімдік сарындар, этикалық т.б. көне құндылықтарымыз Жаратуштра ілімінің жаңғырығы ретінде сақтардың мұрагері саналатын қазіргі қазақ халқының рухани-ділдік әлемінің ең ескіден келе жатқан *арғытектік-архетиптік* өзегін құрайды.

1. Назарбаев Н.Ә. тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. – Алматы: «Арыс», 2006. – 168 б.

3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987.

4. Серикпаев К. Тайны тысячелетий тюркского мира. Второе издание, переработано и дополнено. Алматы, 2009 – 333 с.

5. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы (қытай тілінде). Үрімші, 1984.

6. Қытай мен Батыс елдері жол қатынасы тарихынан материалдар топтамасы (қытай тілінде) 1977, 4-т.

7. Ғабитханұлы Қ. Өлгеннің тәні қастерлі, тірінің беті қанды жас немесе ертедегі ата-бабалар жерлеу дәстүрі қандай болған? // «Ана тілі», 1994. N29.

8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: «Жазушы», 1985.

9. Қыраубай А. Қазақ мифологиясы және Авеста // Жұлдыз. – 1996. – 178-184-бб.

10. Қорқыт Ата кітабы. Түрік тілінен ауд. Б.Ысқаков. – Алматы. Жазушы, 1994. – 160 б.

11. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации – Алматы: ОФ “БИС”, 1999 – 416 с.

12. Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушалық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 424 б.

* * *

В статье рассматриваются архетипические сходства и различия между Авестой и тюркской мифологией, анализируются мифические мотивы этих произведений.

А. А. Мауленов

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КӨНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР

Қазіргі таңда Елбасымыздың бабалар мұрасына көңіл бөлуді ұлттың алдына ұлы да, асыл мұрат етіп қоюы, қазақтың әдебиеті мен мәдениеті саласында көптеген игі істедің атқарылуына түрткі болды. Соның бірі – халқымыздың көне наным-сенімдеріндегі архетиптік түсініктің сілемдерінің әдебиет тарихы ғылымында жан-жақты қолға алына бастауы. Біз осы мақаламызда көне мифтік түсініктер турасында ой өрбітпекпіз.

«Күнбасты құдай» («Солнцеголовое божества») деген діни-мифологиялық терминнің мәніне ой жүгіртетін болсақ, терең философиялық ақылмандық шығады. Бабалармыз табынған суреттегі сәуле шашқан «Күнбасты адамның» көкке жалғасқан басы, жаймашуақ жарық нұрға айналады. Анықтап айтар болсақ, көкке жалғасқан адам басының күнге айналуы, өзіне табынған пендеге жалғыз жаратушының жіберген нұры мен ықылас шапағаты. Ең ақырында адамды Жер Ана өзінің қараңғы қойнына алып, бұл өмірден әкететіні ешқашан өзгермейтін ақиқат. Осы таңба-бейне, яғни мифопоэтикалық образ – бабалар түсінігіндегі үш қатпарлы жарық дүниенің символы. Көк түркілер көкке, күнге табынуды ең көне заманда алғашқылардың бірі болып қабылдаған деген пікірімізге осы қара тасқа айшықталған мифопоэтикалық образ негіз болады. Бізге осы ойымызды дәлелдеу үшін табылған және табылып жатқан символ суреттер көмекке келіп, көк түркілер мифологиясының қандай болғандығын ойша жорамалдауымызға түрткі болады. Іле өзенінің жоғары жағынан табылған «Ұлы-Кем» деп аталатын жақпар тастың бетінде көне түркілердің екі бас таңбасы салынған

суреті дүниенің төрт бұрышын меңзесе, ондағы қос маралдың жайылып жүруі қазіргі ұлт жадындағы архетиптік ұғым-түсініктермен қабысады. Маралға мылтық кеземеу, оны киелі деп санау «Қозы көрпеш – Баян сұлуда» Қарабай мен Сарыбай арасындағы эпизодта көрініс тапқан.

Біз осы оқиғаның актанты (мифтік іс-әрекеті) туралы індетте зерттеген Т. Әсемқұловтың «Біртұтас түркі мифологиялық жүйесі» («Единая тюркская мифологическая система») [1] атты мақаласы негізінде осы бір қисыны қиын дүниеге қадам бастық. Сөзіміз түсінікті болу үшін автордың айтар ойын аударып беруді құп көрдік. «Әлдебір әдебиетшінің көне түркі мифологиясын қалпына келтіруге тырысуы орынсыз бос тыраштанушылық сияқты көрінуі де мүмкін. Біздің қолымызда көне түркі мифологиясының толық та, дәлді мәліметі жоқ, себебі көне түркі жазу-сызуы кеш пайда болды, ол кезде көне түркі мифологиясын десакраладанды (десакрализация). Бірақ көңілді көншітетін бір факті бар. Ол үшін көне түркі мифологиясының оқиғалық формаларын эпостағы дәуірлер қатпарынан аршып алуымыз керек. Ең алдымен көне түркі мифтерін түркі (қазақ) эпостарынан іздеуде мифтің не екендігінің байыбына барып алғандығымыз жөн» [1,38-39],-дейді зерттеуші (*аударма-менкі*).

Бәріміз білетін бір нәрсе миф ілкі ғылымға дейінгі білім көзі, дүниетаным негізі ретінде адам өмірінің ажырағысыз бір бөлгі. Барлық халықтарда қалыптасқан бір ғана конондық мифтік сюжет бар. Ол – бір-біріне қарама-қарсы екі құдайлар тобының (жақсылық пен жамандықтың) күресі. Осы сюжет бұрынғы син-